

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 2 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И. Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә. Әбішев, Қ.Ж. Балтабаев, Н.В. Белоруков, С.Ф. Бычкова, А.М. Нұрмағамбетов, Ү.М. Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі С.П. Нұғымановтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Мемлекеттік құрылыс және құқықтық саясат жөніндегі комитеттің хатшысы Қ. Ахметовтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа жөніндегі комитеттің хатшысы К.Ә. Ағатаеваның,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары А.Қ. Дауылбаевтың,

Қазақстанның адвокаттар одағының президенті - Ә.Қ.Түгелдің қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру жөніндегі өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Н.В.Белоруковтың хабарлауын және отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап, сарапшылардың - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің Жеке құқық ғылыми-зерттеу институтының директоры М.К.Сүлейменовтың, заң

ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің сот билігі және қылмыстық процесс кафедрасының профессоры С.Т.Тыныбековтың, заң ғылымдарының кандидаты, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының меңгерушісі Р.М.Жәмиеваның қорытындыларымен, маманның - заң ғылымдарының кандидаты, "Эквигас" заң фирмасының басқарушы серігі О.И.Ченцованың қорытындысымен, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы маман ретінде қатыстырған заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Ресей Федерациясы Федералдық адвокаттар палатасының Ғылыми-консультативтік кеңесінің мүшесі Н.М.Кипнистің қорытындысымен танысып, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі** мынаны

анықтады:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң) Қазақстан Республикасының Парламенті 2006 жылғы 30 қарашада қабылдап, 2006 жылғы 7 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына берген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Конституциялық заңның 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Республика Премьер-Министрі осы Заңның "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын "Қазақстанның адвокаттар одағы" деп аталатын жаңа 27-1-баппен толықтыратын нормасын Конституцияға, атап айтқанда, Негізгі Заңның 23-бабының 1-тармағына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2006 жылғы 29 желтоқсанда өтініш жолдады.

Заңның конституциялылығын өтініш субъектісі көрсеткен бөлігінде де, толығымен де тексерген кезде Конституциялық Кеңес мынаны негізге алды.

1. Заң 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167-І Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206-І Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 208-І Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, 1999 жылғы 13 шілдедегі N 411-І Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне, 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155-ІІ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195-І Қазақстан

Республикасының Заңына , "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы N 253-I Қазақстан Республикасының Заңына , "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-I Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуін көздейді.

Заңның Республика Парламентінде өтуімен ілесетін құжаттардан (түсіндірме жазбахаттар, отырыстар стенограммалары, Парламент Палаталары комитеттерінің қорытындылары) көрініп тұрғаны, оны қабылдаудағы мақсат - әркімнің білікті заң көмегін алуына, соның ішінде, заңда көзделген реттерде тегін алуына конституциялық кепілдікті күшейту, адвокаттардың қылмыстық процестегі және сот шешімдерін орындау кезеңіндегі ролін көтеру болып табылады (Конституцияның 13-бабының 3-тармағы).

Талдау көрсеткеніндей, Заңның бірқатар нормалары Конституцияның жекелеген ережелеріне сай келмейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын абсолютті және олардан ешкім айыра алмайды деп баянды ете отырып (12-баптың 2-тармағы), Республика азаматтарының бірлесу бостандығына құқығын орнықтырып қана қоймай (23-баптың 1-тармағы), мемлекет пен қоғамдық бірлестіктер арасындағы өзара қарым-қатынастардың түбегейлі принциптерін белгілейді, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне тыйым салынатын реттерді айқындайды (5-бап).

Азаматтардың бірлесу бостандығына конституциялық құқығын жүзеге асыру тәртібі "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы N 3-I Заңында айқындалады. Оның кіріспесінде сондай-ақ бірлесу бостандығына құқық адамның және азаматтың аса маңызды конституциялық құқықтарының бірі болып табылады, оның іске асырылуы қоғам мүдделеріне сай келеді және мемлекеттің қорғауында болады деп атап көрсетіледі .

Дәл осындай позициялар халықаралық құқық нормаларында да бекітілген. Мәселен, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200А (XXI) реролюциясымен қабылданған және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91-III Заңымен ратификацияланған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 22-бабының 1 және 2-тармақтарына сай, әрбір адамның басқалармен бірігіп қауымдастықтар құру бостандығына құқығы бар, бұл құқықты пайдалану демократиялық қоғамның мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген, шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес.

"Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 2 шілдедегі N 12/2 қаулысына сәйкес "Республика азаматтары ретінде адвокаттардың бірлесуге құқы өз мүшелерінің заңды мүдделерін қорғау ортақ мақсатында ерікті түрде құрылатын қоғамдық бірлестік (ассоциация) - Қазақстан адвокаттар одағы түрінде, сондай-ақ, іс-әрекеті адвокаттық қызмет көрсетумен байланысты болмаған кез-келген басқа қоғамдық бірлестіктерге кіру жолымен жүзеге асырылады".

Қаралып отырған Заңның 1-бабы 6-тармағының 8) тармақшасы "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жария құқық принципі бойынша - адвокаттар алқаларының міндетті түрде мүше болуына негізделген, " мемлекеттік билік органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында адвокаттардың мүдделерін білдіру және қорғау, адвокаттар қызметін үйлестіру, адвокаттар көрсететін заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында " адвокаттық өзін-өзі басқарудың жаңа органын - Қазақстанның адвокаттар одағын құруды көздейтін 27-1-баппен толықтырады. Бұл ретте көрсетілген бапқа сәйкес "адвокаттар одағының функциялары мен өкілеттіктеріне ұқсас функциялары және өкілеттіктері бар басқа ұйымдар мен органдарды құруға жол берілмейді".

Осы Адвокаттар одағының функциялары мен өкілеттіктері Заңда айқындалмағандықтан, ал оны құрудың жарияланған мақсаты жалпы сипатта және айрықша деп таныла алмайтындықтан, Заңның 1-бабы 6-тармағының 8) тармақшасында жазылған, Адвокаттар одағының функциялары мен өкілеттіктеріне ұқсас функциялары және өкілеттіктері бар басқа ұйымдар мен органдарды құруға салынатын тыйым Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адвокаттардың бірлесу бостандығына конституциялық құқығын негізсіз шектейді (Конституцияның 23-бабының 1-тармағы).

Құрылуына және қызметіне тыйым салынған қоғамдық бірлестіктердің тізбесі Конституцияның 5-бабының 3 және 4-тармақтарында айқындалған, ал қалған жағдайларда, Негізгі Заңның 39-бабының 1-тармағына сәйкес "адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін". Конституциямен кепілдік берілген бірлесу бостандығы құқығын Заңда жазылғандай шектеу мұндай мақсаттармен шарттастырылмаған.

Осыған орай Конституциялық Кеңес, адвокаттар алқаларының міндетті түрде мүше болуына негізделген мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйым ретінде қаралып отырған Заңда көзделген Қазақстанның адвокаттар одағын құру

Республика адвокаттарын қазір қызмет істеп тұрған осы аттас "Қазақстанның адвокаттар одағына" да (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1992 жылғы 31 тамызда тіркелген ерікті қоғамдық бірлестік), ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ерікті негізде құрылатын басқа қоғамдық бірлестіктерге де бірлесу құқығынан айыра алмайды деп пайымдайды.

Одан тыс, Заңның 1-бабы 6-тармағының 8) тармақшасын тексерген кезде, Конституциялық Кеңес оның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінен сәйкессіздік тапты, бұл осы құқықтық норманың мазмұнын тұжырымдамалық түрде бұрмалап, оны біржақты түсінуге мүмкіншілік бермейді және, Конституцияның 7-бабының 2-тармағын ескере отырып, практикада қолданылуын жоққа шығарады.

2. "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізетін Заңның 1-бабы 6-тармағының 7) тармақшасында былай деп көзделген: "27-баптың 1-тармағының екінші сөйлеміндегі "алқаға қабылдаудан бас тартылмауға тиіс" деген сөздер "адвокаттық қызметпен айналысқысы келетін адам өзінің салық органында тіркелу есебіне тұру орны бойынша адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдануға тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209-ІІ Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 521-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сай салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер болып табылатын резидент жеке тұлғалар тұрғылықты жері бойынша тіркеледі.

Осылайша, қаралып отырған Заң адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған азаматтың адвокаттар алқасына қабылдану мүмкіншілігін оның тұрғылықты жері бойынша шектейді.

Конституциялық Кеңес, бұл шектеуді белгілейтін құқықтық норма Конституцияның Республика аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның оның аумағында еркін жүріп-тұруына және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуына кепілдік беретін 21-бабының 1-тармағына, сондай-ақ әрбір адамның, басқаларын қоспағанда, еңбекке деген қабілетін тұрғылықты жері мен салық есебіне тіркелу орнына қатыссыз өз бетінше пайдалану бостандығы да көзделетін еңбек ету бостандығына құқығын баянды ететін Негізгі Заңның 24-бабының 1-тармағына сай келмейді деп пайымдайды.

Бұл шектеуді белгілей отырып, заң шығарушы Конституцияның 39-бабы 1-тармағының жоғарыда көрсетілген талаптары шегінен тағы шығып кеткен.

3. Қаралып отырған Заңды Парламент Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 1) және 6) тармақшаларына сәйкес қабылдаған, ол тармақшаларға сай Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар шығаруға, жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтық құқықтары мен

бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне, сондай-ақ сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілеуге хақылы.

Конституцияның 61-бабының 1-тармағы негізінде Заңның жобасын Республика Үкіметі заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізген. Конституцияның 61-бабы 3-5-баптарының талаптары сақтала отырып, Парламент Палаталарының әрбірінде өз кезегімен қарау арқылы Заң қабылданады.

Конституцияның 61-бабының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін.

"Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 6-тармағын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 15 маусымдағы N 9/2 қаулысында "Үкіметтің оң қорытындысының қажеттілігі туралы конституциялық-құқықтық шарт барлық жағдайларда да және мемлекеттік кірісті қысқартуды, сондай-ақ мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін барлық заң жобалары үшін міндетті" деп белгіленген. Бұл орайда Конституциялық Кеңес "қорытындыны Үкімет алқалы орган ретінде берген жағдайда оның конституциялық-құқықтық заңды күші болмақ" деп атап көрсетті. "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы" Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 5 қаулысында, егер заң жобалары мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін болса, оң қорытынды алу қажет екендігі туралы конституциялық ереже "заң жобасын Мәжіліске енгізу сатысына да, оны Парламент Палаталарында қарау процесіне де қолданылады" деп түсіндіріледі.

Конституциялық іс жүргізу материалдарынан келіп шығатыны, Парламент Заңды қабылдаған кезде депутаттар оған азаматтарға мемлекет есебінен тегін көрсетілетін заң көмегінің көлемін ұлғайтатын толықтырулар мен өзгерістер енгізген (Заңның 1-бабының 6 және 7-баптары).

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі қол қойып, Конституциялық Кеңеске берілген 2007 жылғы 5 ақпандағы N 13-6/И-604, 126 қорытындыға сай, "заңның жобасын Парламентте қарау кезеңінде депутаттар оған мемлекеттік шығысты көбейтуге әкеп соқтыратын нормаларды енгізген", бұл да "сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлінуін қажет етеді". Алайда Парламент "Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес депутаттардың мемлекеттік шығысты көбейтуге әкеп

соқтыратын нормаларды енгізуі мәселесі бойынша қорытынды алу үшін Үкіметке жүгінбеген, тиісінше, Үкімет бұл нормалар бойынша оң қорытынды бермеген".

Осылайша, Конституциялық Кеңес қаралып отырған Заңның "адвокаттар одағының функциялары мен өкілеттіктеріне ұқсас функциялары және өкілеттіктері бар басқа ұйымдар мен органдарды құруға жол берілмейді" деген тыйым салу бөлігіндегі 1-бабы 6-тармағының 8) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-тармағына, 23-бабының 1-тармағына және 39-бабының 1-тармағына, ал Заңның 1-бабы 6-тармағының 7) тармақшасы Негізгі Заңның 21-бабының 1-тармағына, 24-бабының 1-тармағына және 39-бабының 1-тармағына сәйкес емес деп есептейді. Одан тыс, Заңды қабылдаған кезде Республика Парламенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 6-тармағының талаптарын сақтамаған. Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 31- 33 және 37-баптарын, 38-бабының 1-тармағын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі**

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті 2006 жылғы 30 қарашада қабылдап, 2006 жылғы 7 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына берілген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 1-тармағына сай "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылмайды және ол қолданысқа енгізілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің*

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК